

Кейбір мәдениет ұйымдарына "Академиялық" мәртебе беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 105 қаулысы

"Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Құдыс Қожамяров атындағы Республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры", Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры" және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Республикалық неміс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына "Академиялық" мәртебе берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев